

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасы Үкіметінің арасындағы
халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 сәуір N 427

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ заң күші бар Жарлығының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасы

Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімге қол қойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрі Серік Мінұарұлы Бүркітбаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Омарбекова А.Т.